

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕЛЕРІ ТАЛАПТАР

СИСТЕМЫ МЕНЕДЖМЕНТА КАЧЕСТВА ТРЕБОВАНИЯ

ҚР СТ ИСО 9001-2009
(ISO 9001:2008 «Quality management system – Requirements», IDT)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

gost.e-ecolog.ru



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕЛЕРІ

ТАЛАПТАР

ҚР СТ ИСО 9001-2009

(ISO 9001:2008 «Quality management system – Requirements», IDT)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорны **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің 2009 жылғы 14 тамыздағы № 411-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт ИСО 9001-2008 «Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар» халықаралық стандартының толық түпнұсқалық мәтіні болып табылады.

4 Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым (ISO) стандарттау бойынша ұлттық ұйымдардың (ISO мүше-комитеттер) дүниежүзілік федерациясы болып табылады. Әдетте халықаралық стандарттарды әзірлеуді ISO техникалық комитеттері жүзеге асырады. Техникалық комитет құрылған қызметке мүдделі әрбір мүше-комитет осы комитетке ұсынылуға құқылы. ISO-мен байланысы бар халықаралық үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдар да осы жұмысқа қатысады. ISO электротехника саласында стандарттаудың барлық мәселелері бойынша Халықаралық электротехникалық комиссиямен (IEC) тығыз ынтымақтастықта жұмыс істейді.

Халықаралық стандарттардың жобалары ISO/IEC директивасында, 2-бөлімде келтірілген ережелерге сәйкес әзірленеді.

Техникалық комитеттердің негізгі міндеттері халықаралық стандарттарды әзірлеуден тұрады. Техникалық комитеттер қабылдаған халықаралық стандарттардың жобалары дауыс беру үшін мүше-комитеттерге жіберіледі. Оларды халықаралық стандарттар ретінде жариялау осы дауыс беруге қатысатын мүше-комитеттердің кемінде 75% мақұлдауын алуды талап етеді.

Осы құжаттың кейбір элементтері патенттік құқықтық объектісі болуы мүмкін екенін назарға алу қажет.

ISO 9001 халықаралық стандартын ISO/TC 176 *Сапа менеджменті және сапаны қамтамасыз ету* техникалық комитеті, SC 2, *Сапа жүйесі* шағын комитеті әзірледі.

Осы төртінші басылым мәтіндегі кейбір тармақтарды түсіндіру және ISO 14001:2004 үйлесімділікті арттыру үшін түзетулер енгізілген үшінші басылымды (ISO 9001:2000) ауыстырады.

Осы стандарттың үшінші және төртінші басылымдары арасындағы айырмашылықтар туралы нақтырақ В қосымшасынан қараңыз.

5 ҚР СТ ИСО 9001-2001 ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз Қазақстан Республикасының аумағында ресми басылым ретінде толықтай немесе ішінара басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды.

Мазмұны

1 Қолданылу саласы	1
1.1 Жалпы ережелер	1
1.2 Қолдану	1
2 Нормативтік сілтемелер	1
3 Терминдер мен анықтамалар	2
4 Сапа менеджменті жүйесі	2
4.1 Жалпы талаптар	2
4.2 Құжаттамаға қойылатын талаптар	2
5 Басшылық жауаптылығы	4
5.1 Басшылықтың міндеттері	4
5.2 Тұтынушыға қарай бейімделу	4
5.3 Сапа саласындағы саясат	4
5.4 Жоспарлау	4
5.5 Жауаптылық, уәкілеттік және ақпарат алмасу	5
5.6 Басшылық тарапынан талдау	5
6 Ресурстар менеджменті	6
6.1 Ресурстармен қамтамасыз ету	6
6.2 Адам ресурстары	6
6.2 Инфрақұрылым	6
6.3 Өндірістік орта	6
7 Өнімнің өмірлік циклінің процестері	7
7.1 Өнімнің өмірлік циклінің процестерін жоспарлау	7
7.2 Тұтынушылармен байланысты процестер	7
7.3 Жобалау және әзірлеу	8
7.4 Сатып алулар	9
7.5 Өндіру және қызмет көрсету	10
7.6 Мониторинг және өлшеулер үшін жабдықтарды басқару	11
8 Өлшеу, талдау және жақсарту	12
8.1 Жалпы ережелер	12
8.2 Мониторинг және өлшеу	12
8.3 Сәйкеспейтін өнімді басқару	13
8.4 Деректерді талдау	14
8.5 Жақсарту	14
А қосымшасы (ақпараттық). ИСО 9001:2008 және ИСО 14001:2004 арасындағы сәйкестік	15
В қосымшасы (ақпараттық). ИСО 9001:2000 және ИСО 9001:2008 арасындағы айырмашылықтар	22
С қосымшасы (ақпараттық). Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттарының сілтеме халықаралық стандарттарға сәйкестігі туралы деректер	36
Библиография	37

Кіріспе

0.1 Жалпы ережелер

Сапа менеджменті жүйесін құру үшін ұйымның стратегиялық шешімі қажет болады. Ұйымның сапа менеджменті жүйесін әзірлеуге және енгізуге:

a) бизнес-орта, осы ортамен байланысты өзгерістер немесе қауіптер;

b) өзгермелі қажеттіліктер;

c) нақты мақсаттар;

d) шығарылатын өнім;

e) қолданылатын процестер;

f) ұйымның өлшемі және құрылымы әсер етеді.

Осы стандарт сапа менеджменті жүйесінің құрылымында біркелікті немесе құжаттаманың біркеліктілігін ұйғармайды.

Осы стандартта белгіленген сапа менеджменті жүйесіне қойылатын талаптар өнімге қойылатын талаптарды толықтырады. «ЕСКЕРТПЕ» деп белгіленген ақпарат сәйкес талаптарды түсіну немесе түсіндіру бойынша әдістемелік нұсқаулық болып табылады.

Осы стандартты сертификаттау органдарын қоса алғанда, ішкі және сыртқы тараптар ұйымның тұтынушылардың талаптарын, өнімге қойылатын заңнамалық және нормативтік талаптарды және ұйымның өз талаптарын орындау қабілетін бағалау мақсатында пайдалана алады.

Осы стандартты әзірлеу кезінде ИСО 9000 және ИСО 9004 белгіленген сапа менеджментінің принциптері ескерілді.

0.2 Процестік тәсіл

Осы стандарт тұтынушылардың талаптарын орындау арқылы қанағаттануын арттыру мақсатында сапа менеджменті жүйесін әзірлеу, енгізу және нәтижелігін жақсартуда «процестік тәсілді» қолдануға бағытталған.

Табысты жұмыс істеу үшін ұйым қызметтің өзара байланысқан көптеген түрлерін айқындауы және басқаруы қажет. Кірісті шығысқа айналдыру мақсатында басқарылатын және ресурстарды пайдаланатын кез келген қызмет (немесе қызмет түрлерінің комбинациясы) процесс ретінде қаралады. Көбінесе бір процестің шығуы келесі бір кірістің тікелей енуіне жол ашады.

Ұйымда процестер жүйесін олардың бірдейленуі мен өзара әрекетімен қатар қолдану, сондай-ақ қажетті нәтижені алуға бағытталған процестер менеджменті «процестік тәсіл» деп саналуы мүмкін.

Процестік тәсілдің артықшылығы олардың жүйесі аясында жекелеген процестердің түйісуін қамтамасыз ететін басқарудың үздіксіздігінен, сондай-ақ олардың комбинациясы мен өзара әрекетінен тұрады.

Сапа менеджменті жүйесінде қолданған кезде бұндай тәсіл мыналардың:

a) талаптарды түсіну және орындаудың;

b) процестерді құндылықтар қосу тұрғысынан қарастыру қажеттілігінің;

c) процестерді орындау нәтижелеріне қол жеткізудің және олардың нәтижелілігін қамтамасыз етудің;

d) объективті өлшеу негізінде процестерді тұрақты жақсартудың маңыздылығын көрсетеді.

Процестік тәсілге негізделген 1-суретте келтірілген сапа менеджменті жүйесінің моделі 4-8-бөлімдерде берілген процестер арасындағы байланысты көрсетеді. Бұл модель тұтынушылардың кірістік деректерді айқындаған кезде елеулі роль атқаратынын көрсетеді. Тұтынушылардың қанағаттану мониторингі олардың талаптарды орындауын қабылдауға қатысты ақпаратты бағалауды талап етеді. 1-суретте келтірілген модель осы халықаралық стандарттың барлық негізгі талаптарын оларды нақтыламай қамтиды.

ЕСКЕРТПЕ. Бұдан басқа, барлық процестерге "Plan-Do-Check-Act" (PDCA) ретінде белгілі әдіснама қолданыла алады. (PDCA) циклін қысқаша былай суреттеуге болады.

Жоспарлау: Тұтынушының талаптары мен ұйымның саясатына сәйкес нәтижелерге қол жеткізу үшін қажетті мақсаттар мен процестерді әзірлеу;

Жүзеге асыру: Процестерді енгізу;

Тексеру: Саясатпен, өнімге арналған мақсаттар мен талаптарға сәйкес өнімдер мен процестерді тұрақты бақылау және өлшеу және нәтижелерді хабарлау;

Іс-әрекет: Процестер көрсеткіштерін үнемі жақсарту жөнінде әрекеттер жүргізу.



Шартты белгілер:

——→ Құндылық қосатын әрекет

------→ Ақпараттар ағыны

1-сурет. Процестік тәсілге негізделген сапа менеджменті жүйесінің моделі

3 ИСО 9004 байланыс

ISO 9001 және ISO 9004 халықаралық стандарттары бірін-бірі толықтыру мақсатында әзірленген сапа менеджменті жүйесінің стандарттары болып табылады, алайда оларды сондай-ақ тәуелсіз қолдануға болады.

ISO 9001 сертификаттау немесе келісім-шарт жасасу мақсатында ұйымдар ішкі қолдануы үшін пайдалануға болатын сапа менеджменті жүйесіне қойылатын талаптарды белгілейді. Ол тұтынушылардың талаптарын орындаған кезде сапа менеджменті жүйесінің нәтижелілігіне бағытталған.

Осы стандарт жарияланған сәтте ISO 9004 халықаралық стандарты қайта қарау процесінде болатын. ISO 9004 қайта қаралған басылымында ұйымның күрделі, талап қоятын және ұдайы өзгеретін ортасында тұрақты табысқа қол жеткізу үшін менеджмент бойынша нұсқаулықтар болады. ISO 9004 стандартында ISO 9001 стандартына қарағанда сапа менеджменті жүйесінің мақсаттарының аса ауқымды спекторы бойынша нұсқаулықтар бар; ол қызметтерді жүйелі және ұдайы жақсарту жолымен олардың қажеттіліктері мен үміттерін қанағаттандыру үшін барлық мүдделі тараптарға арналған. Алайда ол сертификаттау, регламенттер әзірлеу немесе келісім-шарттар жасау мақсатына арналмаған.

0.4 Басқа менеджмент жүйелерімен үйлесімділігі

Осы стандартты әзірлеу кезінде пайдаланушылардың мүддесінде осы екі стандарттың үйлесімділігін жақсарту үшін ISO 14001:2004 ережелеріне баса назар аударылды. А қосымшасында ISO 9001:2008 және ISO 14001:2004 стандарттары арасындағы сәйкестік берілді.

Осы стандартта қоршаған ортаны қорғау менеджменті, өндірістегі қауіпсіздік және денсаулықты қорғау саласындағы менеджмент, қаржы менеджменті немесе қауіптер менеджменті сияқты менеджменттің басқа жүйелеріне қойылатын нақты талаптар жоқ. Алайда ол ұйымға өзінің сапа менеджменті жүйесін тиісті басқа менеджмент жүйесінің талаптарымен келісуге немесе осы жүйелермен сабақтастыруға мүмкіндік береді. Ұйым қолданыстағы сапа менеджменті жүйесін осы стандарттың талаптарына сәйкес келетін сапа менеджменті жүйесін құру үшін бейімдей алады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕЛЕРІ

ТАЛАПТАР

Енгізілген күні 2010-07-01

1 Қолданылу саласы

1.1 Жалпы ережелер

Осы стандарт, ұйым:

а) тұтынушылар талаптарына жауап ететін, Заңнамалық және нормативті талаптарға сәйкесетін өнімді жеткізе білу қасиетін көрсеткісі келген;

б) өзінің алдына жүйені үнемі жақсарту процестері мен тұтынушылар талаптары мен заңнамалық және нормативтік талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етуді қоса жүйені тиімді қолдану арқылы тұтынушылардың қанағаттандырылуын арттыру мақсатын қойған жағдайда сапа менеджменті жүйесіне қойылатын талаптарды белгілейді.

1-ЕСКЕРТПЕ Осы стандартта «өнім» термині тек:

а) тұтынушыға арналған немесе ол талап еткен өнімге;

б) өнімнің өмірлік циклі процестерінің кез келген болжанатын нәтижелеріне ғана қолданылады.

2- ЕСКЕРТПЕ Заңнамалық және нормативті талаптар заңнамалық талаптар түрінде көрсетіле алады.

1.2 Қолдану

Осы стандарттың барлық талаптары жалпы болып табылады және жеткізілетін өнімнің түріне, көлеміне қарамастан барлық ұйымдарға арналған.

Егер осы стандарттың қандай да бір талап(тар)ын ұйымның және оның өнімінің ерекшелігіне қарай қолданыла алмаса, оны қабылдамау рұқсат етіледі.

Жасалатын ерекшеліктер кезінде осы стандарттың сәйкестігі туралы өтініштер қабылдауға лайық болады, егер осы ерекшеліктер 7-бөлімде берілген талаптарға кезіксе және ұйымның қабілеттілігі немесе жауапкершілігіне әсер етсе, оны тұтынушы талаптарына жауап беретін және заңнамалық және нормативтік талаптарға қолданылатын өніммен қамтамасыз ету керек.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін мынадай сілтеме нормативтік құжат қажет:

ISO 9000-2005 Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер және сөздік.

ЕСКЕРТПЕ Осы стандартты пайдаланған жағдайда сілтеме стандарттардың қолданысын жыл сайын шығарылатын «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» атты ақпараттық сілтеме бойынша үстіміздегі жылға арналған жағдай бойынша және сәйкес ай сайын шығарылатын үстіміздегі жылы жарияланған ақпараттық сілтемемен тексерген дұрыс. Егер сілтеме құжат ауыстырылған (өзгертілген) болса, онда осы стандартты пайдаланған кезде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты жетекшілікке алған дұрыс. Егер сілтеме құжат ауыстырылмай жойылған жағдайда, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемеге қатысы болмайтын бөлікте қолданылады.

Ресми басылым

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта ISO 9000 берілген терминдер мен анықтамалар қолданылады.

Осы стандарттың мәтініндегі «өнім» термині сондай-ақ «қызмет көрсету»-ді білдіре алады.

4 Сапа менеджменті жүйесі

4.1 Жалпы талаптар

Ұйым сапа менеджментінің жүйесін әзірлеуі, құжаттауы, енгізуі және жұмысшы жағдайда ұстауы, осы стандарттың талаптарына сәйкес оның нәтижелілігін ұдайы жақсартып отыруы керек.

Ұйым:

a) сапа менеджменті жүйесі үшін қажетті процестерді анықтау керек және оларды ұйым жұмысында қолдануға ықпал жасау керек (1.2 қараңыз);

b) осы процестердің жүйелігін және өзара әрекетін анықтауы;

c) осы процестерді жүзеге асыру және басқару кезінде нәтижелігін қамтамасыз ету үшін қажетті критерийлер мен әдістерді анықтауы;

d) осы процестерді қолдау және оларды бақылау үшін қажетті ресурстар мен ақпараттардың болуын қамтамасыз етуі;

e) осы процестерді талдауға да мүмкін болатын жерде мониторинг және өлшеуді жүзеге асыру керек;

f) жоспарланған нәтижелерге қол жеткізу және осы процестерді ұдайы жақсарту үшін қажетті шараларды жүзеге асыруы керек.

Ұйым осы стандарттың талаптарына сәйкес осы процестер менеджментін жүзеге асыруы керек.

Егер ұйым басқа ұйымға өнімнің талаптарға сәйкестігіне әсер ететін қандай да бір процесті тапсыруды шешсе, ол өз тарапынан осындай процестерді бақылауды қамтамасыз етуге тиіс. Басқа ұйымдарға берілген қолданылатын әдістердің түрі және ауқымы сапа менеджменті жүйесі шеңберінде анықталуға тиіс.

1-ЕСКЕРТПЕ Жоғарыда ескертілген сапа менеджменті жүйесі үшін қажетті процестер басшылық қызметін басқару, өнімнің өмірлік циклінің процестерін ресурстармен қамтамасыз ету өлшеу, талдау және жақсарту процестерін қамтиды.

1-ЕСКЕРТПЕ Сапа менеджменті жүйесіне қажетті жоғарыда аталған процестер басшылардың жетекшілік ету, ресурстармен қамтамасыз ету қызметінің процестерін, өнімнің өмірлік циклының, өлшеу, талдау және жақсарту процестерін қамтиды.

2-ЕСКЕРТПЕ Басқа ұйымдарға берілген процесс ұйымның сапа менеджменті жүйесі үшін қажетті, бірақ ол үшін сыртқы тарап орындайтын болып анықталады.

3-ЕСКЕРТПЕ Басқа ұйымдарға берілетін процестерді басқаруды қамтамасыз ету, ұйымды тұтынушылардың барлық талаптарына, заңнамалық және нормативтік талаптарға сәйкестік үшін жауапкершіліктен босатпайды. Басқа ұйымдарға берілетін процесті басқару әдісінің типін және ауқымын таңдауына мыналар сияқты факторлар әсер етуі мүмкін:

a) басқа ұйымдарға берілетін процестің ұйымның талаптарға сәйкес келетін өнімді жеткізу қабілеттілігіне ықтимал әсер етуі;

b) басқаруда осындай процеспен қатысу ауқымы;

c) 7.4 қолданған кезде, қажетті басқаруды қамтамасыз ету қабілеттілігі.

4.2 Құжаттамаға қойылатын талаптар

4.2.1 Жалпы ережелер

Сапа менеджменті жүйесінің құжаттамасы:

a) құжатталып рәсімделген сапа саласындағы саясат және мақсаттар туралы өтініштерден;

b) сапа жөніндегі жетекшіліктен;

c) осы стандартпен талап етілетін құжатталған процедуралардан және жазбалардан;

d) ұйыммен процестерді тиімді жоспарлау, жүзеге асыруды және оны басқаруды қамтамасыз ету үшін оған қажетті ретінде анықталған жазбаларды қоса құжаттардан тұруы керек.

1-ЕСКЕРТПЕ Осы стандартта «құжатталған процедура» деген термин кездесетін жерде, бұл процедураның әзірленгенін, құжатпен рәсімделгенін, енгізілгенін және жұмыс күйінде сақталғандығын білдіреді. Жеке құжатта бір немесе бірнеше процедураға қойылатын талаптар болуы мүмкін. Құжатталған процедураға қойылатын талаптар біреуден артық құжатта қамтылуы мүмкін.

2-ЕСКЕРТПЕ Бір ұйымның сапа менеджменті жүйесінің құжатталу деңгейі басқа ұйымдардан:

a) ұйым көлемі мен қызмет түріне;

b) процестер күрделілігі мен олардың өзара әрекетіне;

c) қызметкерлер құзыреттігіне байланысты ерекшеленуі мүмкін.

3-ЕСКЕРТПЕ Құжаттама түрлі нысанда немесе түрлі жеткізушіде бола алады.

4.2.2 Сапа жөніндегі жетекшілік

Ұйым:

a) қандай да болмасын шектеулерге түсініктемелер мен негіздемелерді қоса сапа менеджменті жүйесінің қолданылу саласынан (1.2-т қараңыз);

b) сапа менеджменті жүйесі үшін әзірленген құжатталған процедуралардан, немесе оларға сілтемелерден;

c) сапа менеджменті жүйесі процестерінің өзара әрекетіне сипаттамадан тұратын сапа жөніндегі жетекшілікті әзірлеуі және жұмысшы қалыпта ұстауы керек.

4.2.3 Құжаттаманы басқару

Сапа менеджменті жүйесінің құжаттары басқарылуы керек. Жазбалар құжаттардың арнайы түрі болып табылады және олар 4.2.4-тармағында келтірілген талаптарға сәйкес басқарылуы керек.

Басқарудың қажетті жабдықтарын анықтау үшін:

a) құжаттарды шығарылғанына дейін барабарлығын тексеруді;

b) қажеттігіне қарай құжаттарды талдау және көкейкесті ету мен қайта бекітілуін;

c) өзгерістердің және құжаттарды қайта қарау мәртебесін сәйкестендіруді қамтамасыз етуді;

d) олардың қолданылу орындарында құжаттардың сәйкес нұсқаларының болуын қамтамасыз етуді;

e) құжаттардың нақты және жеңіл сәйкестендірілетін күйде сақталуын қамтамасыз етуді;

f) ұйымның сапа менеджменті жүйесін жоспарлау және жұмыс істеуі үшін оған қажетті деп тапқан сырттан келген құжаттарды бірдейлендіруін және оларды жіберуді басқаруды қамтамасыз етуі;

g) көнерген құжаттардың қасақана пайдаланылуының алдын алу және қандай да бір мақсаттар үшін қалдырылған құжаттарға сәйкес сәйкестікті қолдануды қарастыратын құжатталған процедура әзірленуі керек.

4.2.4 Жазбаларды басқару

Сапа менеджменті жүйесінің талаптарға сәйкестігін және жұмысының тиімділігіне растауды бекіту үшін жазбалар жүргізілуі, басқарылуы керек.

Ұйым жазбаларды бірдейлендіру, сақтау, қорғау, қалпына келтіру, сақтау және алып тастау кезінде қажет болатын басқару құралдарын анықтау үшін құжатталған процедураны белгілеуге тиіс.

Жазбалар айқын, оңай бірдейлендіретін болып қалуға және қалпына келтірілуге тиіс.

5 Басшылық жауаптылығы

5.1 Басшылықтың міндеттері

Жоғарғы басшылық сапа менеджменті жүйесін әзірлеу және енгізу жөнінде, сондай-ақ оның нәтижелігін

a) ұйымға тұтынушылар талаптарының, сондай-ақ заңнамалық және нормативтік талаптардың маңыздылығын жеткізу;

b) сапа саласында саясатты әзірлеу;

c) сапа саласында мақсаттарды әзірлеуді қамтамасыз ету;

d) басшылық тарапынан талдаулар жүргізу;

e) қажетті ресурстармен қамтамасыз ету арқылы тұрақты жақсарту бойынша өзінің міндеттерін растауды қамтамасыз етуі керек.

5.2 Тұтынушыға қарай бейімделу

Жоғарғы басшылық тұтынушылардың қанағаттандырылуын көтеру мақсатында олардың талаптарының анықталуы мен орындалуын қамтамасыз етуі керек (7.2.1 және 8.2.1-т қараңыз).

5.3 Сапа саласындағы саясат

Жоғарғы басшылық сапа саласындағы саясаттың:

a) ұйым мақсаттарына сәйкес болуын;

b) сапа менеджменті жүйесінің талаптарға сәйкес болуын және нәтижелігін ұдайы жақсар-туға арналған міндеттердің болуын;

c) сапа саласында мақсаттарды белгілеу және талдауға арналған негіздерді құруын;

d) ұйым қызметкерлеріне жеткізілуі және оған түсінікті болуын;

e) жарамдылыққа ұдайы талдануын қамтамасыз етуі қажет.

5.4 Жоспарлау

5.4.1 Сапа саласындағы мақсаттар

Ұйымның жоғарғы басшылығы, өнімге қойылатын талаптарды орындау үшін қажетті мақсаттарды қоса сапа саласындағы мақсаттар ұйымның сәйкес бөлімшелерінде және сәйкес деңгейлерінде белгіленуін қамтамасыз етуі қажет. Сапа саласындағы мақсаттар өлшене алатын және сапа саласындағы саясатпен сәйкестендіріле алуы керек.

5.4.2 Сапа менеджменті жүйесін құру мен дамытуды жоспарлау

Жоғарғы басшылық:

a) 4.1 тармағында келтірілген талаптарды орындау үшін, сондай-ақ сапа саласында мақсаттарға жету үшін сапа менеджменті жүйесін құру мен дамытуды жоспарлауды;

b) сапа менеджменті жүйесін жоспарлау және оған өзгерістер енгізуде тұтастығы сақталынуын қамтамасыз етуі керек.

5.5 Жауаптылық, уәкілеттік және ақпарат алмасу

5.5.1 Жауаптылық және уәкілеттік

Жоғарғы басшылық жауаптылықтың және уәкілеттіктің анықталуын және ұйым қызметкерлеріне жеткізілуін қамтамасыз етуі керек.

5.5.2 Басшылық өкілі

Жоғарғы басшылық ұйым басшылығы құрамынан басқа міндеттеріне қарамастан, мыналарға таралатын жауапкершілік жүктелетін және өкілеттілік берілетін өкіл тағайындауға тиіс:

a) сапа менеджменті жүйесі талап ететін процестердің әзірленуін, енгізілуі және жұмысшы қалыпта ұсталуын қамтамасыз етуге;

b) сапа менеджменті жүйесінің қызметі және оны жақсартудың кез келген қажеттігі туралы жоғарғы басшылыққа есептер ұсынуға;

c) барлық ұйым бойынша тұтынушылар талаптарын түсінуді таратуды қамтамасыз етуге жауапты және уәкілеттіктерге ие болуы керек.

ЕСКЕРТПЕ Басшылық уәкілінің жауаптылығына сапа менеджменті жүйесіне қатысты сұрақтар жөнінде сыртқы тараптармен байланысты қолдау кіруі мүмкін.

5.5.3 Ішкі ақпарат алмасу

Жоғарғы басшылық ұйымда сапа менеджменті жүйесінің тиімділігі мәселелері бойынша ақпарат алмасу мен коммуникациялардың сәйкес процестерін белгілеуді қамтамасыз етуі қажет.

5.6 Басшылық тарапынан талдау

5.6.1 Жалпы ережелер

Жоғарғы басшылық жоспарланған аралықтар сайын ұйымның сапа менеджменті жүйесінің үнемі жарамдығын, барабарлығын және нәтижелігін қамтамасыз ету мақсатында оны талдауы керек. Талдауға ұйымның сапа менеджменті жүйесін, оның ішінде сапа саласындағы саясат пен мақсаттарды жақсарту мүмкіндіктері мен өзгерістер енгізу қажеттіктерін бағалауды қосу керек.

Басшылық тарапынан талдау туралы жазба жұмысшы қалыпта ұсталуы керек (4.2.4-т қараңыз).

5.6.2 Талдау үшін кіріс деректер

Басшылық тарапынан талдау үшін кіріс деректер мына ақпараттардан тұруы керек:

a) аудит нәтижелері;

b) тұтынушымен кері байланыс;

c) процестер қызметі және өнім сәйкестігі;

d) ескертетін және түзететін әрекеттер мәртебесі;

e) басшылық тарапынан алдыңғы талдаудан шығатын кейінгі әрекеттер;

f) сапа менеджменті жүйесіне әсер етуі мүмкін өзгерістер;

g) жақсарту жөніндегі ұсыныстар.

5.6.3 Талдауға арналған шығыс деректер

Басшылық тарапынан талдаудың шығыс деректері:

a) сапа менеджменті жүйесі және оның процестерінің тиімділігін арттыруға;

b) өнімді тұтынушылар талаптарына сәйкес жақсартуға;

c) ресурстардың қажеттігіне қатысты барлық шешімдер мен әрекеттерді қамтуы керек.

6 Ресурстар менеджменті

6.1 Ресурстармен қамтамасыз ету

Ұйым:

a) сапа менеджменті жүйесін енгізу және оны жұмысшы қалыпта ұстау, сондай-ақ оның нәтижелігін ұдайы арттыру;

b) тұтынушылардың талаптарын орындау арқылы олардың қанағаттандырылуын арттыру үшін қажетті ресурстарды анықтауы және олармен қамтамасыз етуі қажет.

6.2 Адам ресурстары

6.2.1 Жалпы ережелер

Өнімнің ұсынылған талаптарға сәйкестігіне әсер ететін жұмысты орындайтын персонал алған біліміне, даярлығына, дағдысы мен тәжірибесіне сәйкес білікті болуға тиіс.

ЕСКЕРТПЕ Өнімнің талаптарға тура немесе жанама сәйкестігіне сапа менеджменті жүйесі шеңберінде кез келген жұмысты орындайтын персонал әсер етуі мүмкін.

6.2.2 Біліктілік, даярлық және хабардар болуы

Ұйым:

a) өнімнің талаптарға сәйкестігіне әсер ететін жұмысты орындайтын персоналдың қажетті біліктілігін анықтау керек;

b) қолданылатын жерде, қажетті біліктілік деңгейіне қол жеткізу үшін, дайындықты қамтамасыз ету немесе басқа әрекеттер қолдану керек;

c) қабылданған шаралардың нәтижесін бағалауы;

d) өз қызметкерлерінің әрекетінің өзектілігі мен маңыздылығын және сапа саласында мақсаттарға жетуге үлесі туралы хабардар болуын қамтамасыз етуі;

e) білімі, даярлығы, әдеттері және тәжірибелері туралы сәйкес жазбаларды жұмысшы қалыпта ұстауы керек (4.2.4-т қараңыз).

6.3 Инфрақұрылым

Ұйым өнімнің талаптарға сәйкестігіне жеткізу мақсатында сәйкес инфрақұрылымды анықтауы, қамтамасыз етуі және жұмыстық қалыпта ұстауы керек. Инфрақұрылым, егер бұл мақсатқа сай болса, мыналарды қамти алады:

a) ғимараттар, жұмыс орны және онымен байланысты еңбек құралдары;

b) процестерге арналған жабдықтар (техникалық, сондай-ақ бағдарламалық жабдықтар);

c) қамтамасыз ету қызметтері (көлік, байланыс немесе ақпараттық жүйелер сияқты);

6.4 Өндірістік орта

Ұйым өнімнің қойылатын талаптарға сәйкестігіне қол жеткізуге қажетті өндірістік ортаны құруы керек.

ЕСКЕРТПЕ «Өндірістік орта» термині физикалық, экологиялық және басқа факторларды (шу, температура, ылғалдық, жарық түсіру немесе ауа райы жағдайы сияқты) қоса алғанда, жұмыс орындалатын жағдаймен байланысты

7 Өнімнің өмірлік циклінің процестері

7.1 Өнімнің өмірлік циклінің процестерін жоспарлау

Ұйым өнімнің өмірлік циклін қамтамасыз етуге қажетті процестерді жоспарлауы және әзірлеуі керек. Өнімнің өмірлік циклінің процестерін жоспарлау сапа менеджменті жүйесінің өзге процестеріне (4.1-т қараңыз) қойылатын талаптармен сәйкестендірілуі керек.

Өнімнің өмірлік циклінің процестерін жоспарлаған кезде, ұйым, егер бұл қолданылса:

a) сапа саласындағы мақсаттар және өнімге қойылатын талаптарды;

b) процестер мен құжаттарды әзірлеу, сондай-ақ нақты өнімге арналған ресурстармен қамтамасыз ету қажеттілігі;

c) нақты өнім үшін дұрыстығын растау, валидтеу, мониторинг, өлшеу, бақылау және сынау бойынша қажетті қызмет, сондай-ақ өнімді қабылдау критерийлері;

d) өнімнің өмірлік циклінің процестері мен алынған өнімнің талаптарға (4.2.4-т қараңыз) жауап беретіндігін растауды қамтамасыз ету үшін қажетті жазбаларды белгілеуі керек.

Осы жоспарлаудың нәтижесі ұйым практикасына сәйкесетін түрде берілуі керек.

1-ЕСКЕРТПЕ Сапа менеджменті жүйесінің процестерін (өнімнің өмірлік циклінің процестерін қоса) анықтайтын құжат және нақты өнімге, жобаға немесе шартқа қолданылуға жататын ресурстар сапа жоспары ретінде қарастырыла алады.

2-ЕСКЕРТПЕ Өнімнің өмірлік циклінің процестерін әзірлеуде, ұйым, 7.3-тармағында белгіленген талаптарды қолдана алады.

7.2 Тұтынушылармен байланысты процестер

7.2.1 Өнімге қатысты талаптарды анықтау

Ұйым:

a) жеткізу бойынша және жеткізуден кейінгі әрекетке қойылатын талаптарды қоса тұтынушылармен бекітілген талаптарды;

b) тұтынушымен бекітілмеген, бірақ қажет жерде нақты немесе болжалданған жерде пайдалануға қажетті талаптарды;

c) өнімге қолданылатын заңнамалық және нормативтік талаптар;

d) ұйымның оған қажетті ретінде анықтаған кез келген қосымша талаптарды анықтауы керек.

ЕСКЕРТПЕ Жеткізуден кейінгі қызмет мысалы, техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтер және пайдаға асыру немесе толық жою сияқты қосымша қызметтер сияқты, кепілдік қамтамасыз ету, келісім-шарт міндеттемесін қамти алады.

7.2.2 Өнімге қатысты талаптарды талдау

Ұйым өнімге қатысты талаптарды талдауы керек. Бұл талдау ұйымның тұтынушыға өнімді жеткізу (мысалы, тендерге қатысу, келісімшарттар немесе тапсырысты қабылдау, шартқа немесе тапсырысқа өзгерістерді қабылдау) міндеттемелерін қабылдағанға дейін жүргізілуі керек және:

a) өнімге қойылатын талаптардың анықталуын;

b) бұрынғы қалыптасқаннан ерекшеленетін шарт немесе тапсырыс талаптарының келісілуін;

c) ұйымның нақты талаптарды орындай алуын қамтамасыз етуі керек.

Талдау нәтижесінің, талдаудан шығатын кейінгі әрекеттердің жазбалары (4.2.4-т қараңыз) жұмысшы қалыпта ұсталуы керек.

Егер тұтынушылар құжатталған талаптарын бермесе, ұйым оларды орындауға қабылдағанға дейін тұтынушыда бекітуі керек.

Егер өнімге қойылатын талаптар өзгерсе, ұйым сәйкес құжаттардың дұрысталуын, ал мүдделі қызметкерлер өзгертілген талаптар туралы хабардар болуын қамтамасыз етуі керек.

ЕСКЕРТПЕ. Кейбір жағдайларда, мысалы, Интернет арқылы жүзеге асырылатын сатуларда, әрбір тапсырысқа ресми талдау жүргізу қажет емес. Бұның орнына талдау өнім туралы сәйкес ақпаратқа, каталог немесе жарнама материалына ғана таратыла алады.

7.2.3 Тұтынушымен байланыс

Ұйым:

a) өнім туралы ақпаратқа;

b) түзетулермен қоса сұраныс, шарт немесе тапсырыстың өтуіне;

c) тұтынушылар шағымдарын қоса, тұтынушылардан кері байланысқа қатысты тұтыну-шылармен байланыс жөнінде нәтижелі шараларды анықтауы және жүзеге асыруы тиіс.

7.3 Жобалау және әзірлеу

7.3.1 Жобалауды және әзірлеуді жоспарлау

Ұйым өнімді жобалау мен әзірлеуді жоспарлауы және басқаруы қажет.

Жобалау мен әзірлеуді жоспарлау барысында ұйым:

a) жобалау мен әзірлеудің кезеңдерін;

b) жобалау мен әзірлеудің әрбір кезеңіне сәйкестенген талдауды, верификация және валидтеуді жүргізуді;

c) жобалау мен әзірлеу саласында жауаптылық пен уәкілеттікті белгілеуі керек.

Ұйым, тиімді байланыс және жауаптылықты нақты таратуды қамтамасыз ету мақсатында, жобалау және әзірлеумен айналысатын түрлі топтардың өзара әрекетін басқаруы керек.

Жобалау және әзірлеудің дамуына қарай, егер бұл мақсатқа сай болса, жоспарлау нәтижелері жаңарып отыруы керек.

ЕСКЕРТПЕ Жобалауды және әзірлеуді талдау, дұрыстығын тексеру және валидацияның белгілі бір мақсаты болады. Олардың жеке және өнім және ұйым үшін орынды кез келген үйлесімде жүргізілуі және тіркелуі мүмкін.

7.3.2 Жобалау мен әзірлеуге арналған кіріс деректер

Өнімге қойылатын талаптарға қатысты кіріс деректер анықталуы керек, ал жазбалар жұмысшы қалыпта (4.2.4-т қараңыз) ұсталуы тиіс. Кіріс деректер:

a) атқарымдық және пайдалану талаптарын;

b) тиісті заңнамалық және нормативтік талаптарды;

c) мақсатқа сай болатын жерде балама алдыңғы жобалардан алынған ақпараттан;

d) жобалау мен әзірлеу үшін маңызды басқа да талаптарды қамтуы керек.

Кіріс деректердің жеткіліктілігі талдануға тиіс. Талаптар екіұшты емес және қайшы келмейтіндей толық болуы қажет.

7.3.3 Жобалау мен әзірлеуге арналған шығыс деректері

Жобалау және әзірлеуге арналған кіріс деректер дұрыстықты тексеруді жобалау және әзірлеуге арналған кіріс талаптарға қатысты өткізу үшін қолайлы формада берілуге, сондай-ақ оларды кезекті пайдалануға дейін бекітілуге тиіс.

Жобалау мен әзірлеудің шығыс деректері

a) жобалау мен әзірлеуге арналған кіріс деректерге қойылатын талаптарға сәйкесуі;

b) сатып алу, өндіру және қызмет көрсету жөніндегі сәйкес ақпаратпен қамтамасыз етуі;

c) өнімді қабылдау критерийлерінен немесе оларға сілтемелерден тұруы;

d) өнімнің қауіпсіздігі және дұрыс пайдалануы үшін қажет өнім сипаттамаларын анықтауы керек.

ЕСКЕРТПЕ Өндіру және сервистік қызмет көрсету туралы ақпараттың өнімнің сақталуы туралы деректерді қамтуы мүмкін

7.3.4 Жоба мен әзірленімді талдау

Мақсатқа сай кезеңдерде жоспарлы шараларға сәйкес жоба мен әзірленімге:

a) жобалау мен әзірлеудің нәтижелерінің талаптарды қанағаттандыру мүмкіндіктерін бағалау;

b) қандай да болмасын проблемаларды анықтау және қажет әрекеттер жөнінде ұсыныстар енгізу мақсатымен жүйелі талдау жүргізіліп тұруы керек.

Бұндай талдауға қатысушылардың құрамына жобалау мен әзірлеулерді талдаудың кезеңдеріне қатысы бар бөлімшелер өкілдіктері қосылуы керек. Талдау және барлық қажетті әрекеттер нәтижелерінің жазбасы жұмысшы қалыпта (4.2.4-т) ұсталуы тиіс.

7.3.5 Жоба мен әзірленімді верификациялау

Жобалау мен әзірлеудің шығыс деректері жобалау мен әзірлеудің кіріс деректерінің талаптарына жауап беретіне көз жеткізу үшін жоспарлы шараларға (7.3.1) сәйкес верификация жүзеге асырылуы керек. Верификация нәтижелерінің және барлық қажетті әрекеттердің жазбалары жұмысшы қалыпта (4.2.4) ұсталуы тиіс.

7.3.6 Жоба мен әзірленімді валидтеу

Жоба мен әзірленімді валидтеу нәтижесінде алынған өнім белгілі жерде бекітілген қолдану мен ұсынылатын пайдалану талаптарына жауап бере алатынына көз жеткізу мақсатында жоспарлы шаралармен (7.3.1-т қараңыз) сәйкес жүзеге асырылуы керек. Мақсатқа сай жерде валидтеу өнімді жеткізу немесе жүзеге асырғанға дейін аяқталуы тиіс. Валидтеу нәтижелерінің және барлық қажетті әрекеттердің жазбалары жұмысшы қалыпта (4.2.4-т қараңыз) ұсталынуы тиіс.

7.3.7 Жоба және әзірлеменің өзгерістерін басқару

Жоба мен әзірлеменің өзгерістері бірегейленген, ал жазбалар жұмыстық күйінде сақталуға тиіс. Өзгерістер талданған, дұрыстығы тексерілген және тиісті түрде расталған, сондай-ақ енгізілгенге дейін келісілген болуға тиіс. Жоба мен әзірлеме өзгерістерін талдау құрауыш бөліктерге және жеткізілген өнімге өзгерістердің әсерін бағалауды қамтуы керек. Өзгерістер және кез келген қажетті әрекет нәтижелерінің жазбалары жұмыстық күйінде сақталуға тиіс (4.2.4 қараңыз).

7.4 Сатып алулар

7.4.1 Сатып алулар процесі

Ұйым, сатып алынған өнім, сатып алуларға белгіленген талаптарға сәйкес болуын қамтамасыз етуі керек. Жеткізуші мен сатып алынған өнімге қатысты қолданылатын басқару түрі мен деңгейі, сатып алынған өнімнің кейінгі өнімді өндіруге немесе дайын өнімге әсер етуіне қатысты болуы керек.

Ұйым, тұтынушыларды, ұйым талаптарына сәйкес өнімді жеткізу қабілеті негізінде оларды бағалауы және таңдауы керек. Сұрыптау, бағалау және қайта бағалау критерийлері

әзірленуі керек. Бағалау нәтижелерінің және бағалаудан туындайтын басқа да қажетті әрекеттердің жазбалары жұмысшы қалыпта (4.2.4-т қараңыз) ұсталуы тиіс.

7.4.2 Сатып алулар жөнінде ақпарат

Сатып алулар жөнінде ақпарат, қажет болған жағдайда:

а) өнімді, процедураларды, процестерді және жабдықтарды бекітуге қойылатын талаптарды;

b қызметкерлердің біліктілігіне қойылатын талаптарды;

c) сапа менеджменті жүйесіне қойылатын талаптарды қосып, тапсырыс берілген өнімді сипаттауы керек.

Жеткізушіге хабарлағанға дейін, ұйым сатып алулар жөнінде бекітілген талаптардың барабарлығын қамтамасыз етуі керек.

7.4.3 Сатып алынған өнімді верификациялау

Ұйым сатып алынған өнімнің сатып алуларға бекітілген талаптарға сәйкестігін қамта-масыз ету үшін қажетті бақылауды немесе басқа әрекетті әзірлеуі және жүзеге асыруы керек.

Егер ұйым немесе оның тұтынушысы жеткізушінің кәсіпорнын верификациялау жөніндегі әрекетті жүзеге асырғысы келсе, ұйым, сатып алу ақпаратында жеткізушіге өнімді тексеру және шығару әдісі бойынша ұсынылатын шараларды көрсетуі керек.

7.5 Өндіру және қызмет көрсету

7.5.1 Өндіруді және қызмет көрсетуді басқару

Ұйым өндірісті және қызмет көрсетуді басқару жағдайында ұстауды жоспарлауы және қамтамасыз етуі керек. Басқару жағдайлары егер бұл мақсатқа сай келсе:

а) өнім сипаттамасын суреттейтін ақпараттың болуынан;

b) қажет жағдайда жұмысшы нұсқаулықтарының болуынан;

c) сәйкес жабдықты қолданудан;

d) бақылау және өлшеу құралдарының болуы және оларды қолданудан;

e) мониторинг және өлшеуді орындаудан;

f) өнімді өндіру, жеткізу және жеткізгеннен кейінгі әрекеттерді жүзеге асырудан тұруы керек.

7.5.2 Өндіру және қызмет көрсету процестерін валидтеу

Ұйым нәтижесін кезекті мониторинг немесе өлшеу арқылы тексеруге болмайтын өндіру және қызмет көрсетудің барлық процестерін растауға тиіс, соның салдарынан олардың кемшіліктері өнімді пайдалануды бастағаннан кейін немесе қызмет көрсеткеннен кейін ғана анық болады.

Валидтеу бұл процестердің жоспарланған нәтижелерге жете алу қабілетін көрсетуі тиіс.

Ұйым, егер бұл қолданылса, осы процестер бойынша шараларды әзірлеуі керек:

а) процестерді талдау және бекіту үшін анықталған критерийлер;

b) сәйкес жабдықтар және қызметкерлер біліктіліктерін бекіту;

c) нақты әдістер мен процедураларды қолдану;

d) жазбаларға қойылатын (4.2.4-т) талаптар;

e) қайталама валидтеу.

7.5.3 Сәйкестендіру және бірізділеу

Қажет жерде ұйым, өнімді оның барлық өмірлік циклінің кезеңдерінде сәйкес құралдар көмегімен сәйкестендіруі керек.

Ұйым өнім өндіру барысында мониторинг және өлшеу талаптарына қатысы бойынша өнімнің мәртебесін бірдейлендіруге тиіс.

Егер бақылап отыру талап болып табылатын болса, онда ұйым өнімді арнайы бірдейлендіруді және басқаруға және жазбаларды жұмыстық күйінде сақтауға тиіс (4.2.4 қараңыз).

ЕСКЕРТПЕ Қолдануға арналған компьютерлік бағдарламалық қамтамасыз етудің сәйкестігін растауға әдетте пайдалану үшін оның жарамдылығын ұстап тұру мақсатында оның верификациясы және пішін үйлесімін басқару енуге тиіс.

7.5.4 Тұтынушылар меншігі

Егер тұтынушының меншігі жоғалған, бүлінген немесе пайдалану үшін жарамсыз болса, ұйым бұл жөнінде тұтынушыны хабардар етуге және жазбаны жұмыстық күйінде ұстауға тиіс (4.2.4 қараңыз).

ЕСКЕРТПЕ Тұтынушының меншігіне зияткерлік меншік және жеке деректер енуі мүмкін

7.5.5 Өнім сәйкестігін сақтау

Ұйым ішкі өңдеу барысында және арналған орнына жеткізу процесінде өнімді талаптарға сәйкестігін ұстап тұру мақсатында сақтауға тиіс. Егер бұны қолдануға болса, сақтауға сондай-ақ бірдейлендіру, тиеу-түсіру жұмыстары, буып-түю, сақтау және қорғау енуге тиіс. Сақтау өнімнің құрама бөліктеріне сияқты қолданылуға тиіс.

7.6 Мониторинг және өлшеулер үшін жабдықтарды басқару

Ұйым жүзеге асыру алда тұрған мониторингті және өнімнің белгіленген талаптарға сәйкестігінің куәлігін қамтамасыз етуге қажетті мониторингті және өлшеуге арналған жабдықты айқындауға тиіс.

Ұйым, бақылау мен өлшеу, бақылау мен өлшеуге талаптармен сәйкестендірілген тәсілмен жүзеге асырылуы мүмкін, жүзеге асырылып жатқандығына көз жеткізу үшін процестер әзірлеуі керек.

Негізделген нәтижелерді қамтамасыз ету керек жағдайда өлшеу жабдығы:

a) белгіленген мерзімде немесе оны халықаралық немесе ұлттық эталондармен салыстырылатын үлгілік эталондар (шама бірлігі эталоны) бойынша қолданар алдында калибрленген және/немесе салыстырып тексерілген. Бұндай эталон болмаған кезде калибрлеу немесе салыстырып тексеру үшін пайдаланылған негізгі принциптерді тіркеу қажет (4.2.4 қараңыз);

b) қажеттілік жағдайында реттелуі немесе қайта реттелуі;

c) калибрлеу мәртебесін бекіту мақсатында сәйкестендірілуі;

d) өлшеу нәтижелерін жарамсыз қылатын реттеулерден қорғалуы;

e) пайдалану, техникалық қызмет көрсету және сақтау барысында бұзылудан және жағдайының төмендеуінен сақталуы керек.

Бұдан басқа, егер жабдық талаптарға сәйкес келмейтіні белгілі болған болса, ұйым бағалауы және алдыңғы өлшеу нәтижелерінің құқық қабілеттігін тіркеуі керек. Ұйым, жабдық және әсер етуге түскен қандай да болмасын өнімге сәйкес, әрекет қабылдауы керек.

Калибрлеу және салыстырып тексеру нәтижесінің жазулары жұмыс күйінде болуға тиіс (4.2.4 қараңыз).

Егер бекітілген талаптарды мониторинг және өлшеу жағдайында компьютерлік бағдарламалық жабдықтар қолданылса, олардың болжалданған қолдануды қанағаттандыру мүмкіндігі бекітілуі керек. Бұл қолдану басталмас бұрын жүзеге асырылуы және қажет болған жағдайда қайтадан бекітілуі тиіс.

ЕСКЕРТПЕ Компьютерлік бағдарламалық қамтамасыз етудің белгіленген қолдануға сәйкестігін растау әдетте оны верификаттауды және оны пайдалану үшін жарамдығын қолдау мақсатында пішіні басқаруды қамтуы керек.

8 Өлшеу, талдау және жақсарту

8.1 Жалпы ережелер

Ұйым

a) өнімге қойылатын талаптарға сәйкестігін көрсетуге;

b) сапа менеджменті жүйесінің сәйкестігін қамтамасыз етуге;

c) сапа менеджменті жүйесінің нәтижелігін үнемі жақсартуға қажетті бақылау, өлшеу, талдау және жақсарту процестерін жоспарлау және енгізуі керек.

Бұл қолданылатын, сонымен бірге статистикалық әдістерді анықтауды енгізуі және олардың қолданылу саласын кеңейтуі керек.

8.2 Мониторинг және өлшеу

8.2.1 Тұтынушылардың қанағаттандырылуы

Ұйым сапа менеджменті жүйесінің қызмет ету көрсеткішінің өлшеуішінің бірі ретінде ұйымның тұтынушылар талаптарына сәйкестігіне тұтынушылардың қабылдауының тиісті ақпараты ретінде бақылауда ұстауы керек. Бұл ақпаратты алу және пайдалану әдісі бекітілуі керек.

ЕСКЕРТПЕ Тұтынушының түсінігінің мониторингіне тұтынушылардың қанағаттануын зерттеу, жеткізілген өнімнің сапасы туралы тұтынушылардан алынған деректер, пайдаланушылардың пікірлерін зерттеу, клиенттердің қайтуын талдау, кепілді міндеттемелер бойынша алғыстар, шағымдар, таратушылардың есептері сияқты көздерден алынған ақпараттар кіруі мүмкін.

8.2.2 Ішкі аудит

Ұйым сапа менеджменті жүйесі:

a) жоспарланған іс-шараларға (7.1-т қараңыз), осы халықаралық стандарт талаптарына және ұйыммен әзірленген сапа менеджментінің жүйесіне талаптарға сәйкес екенін;

b) нәтижелі енгізілген және жұмысшы қалыпта ұсталатынын бекіту мақсатында жоспарланған аралықтарда ішкі аудиттер жүргізуі керек.

Аудиттер бағдарламасы аудитке жататын процестер мен бөліктердің статусы мен маңыздылығын, сондай-ақ алдыңғы аудиттердің нәтижесін есепке алынып жоспарлануы керек. Аудит критерийлері, қолданылу саласы, жиілігі және әдістері анықталуы тиіс. Аудиторларды таңдау және аудитті жүргізу аудит процесінің әділдігін және риясыздығын қамтамасыз етуі керек. Аудиторлар өздерінің жұмыстарын тексермеуі керек.

Ұйым аудиттерді жоспарлау және өткізуге, жазбаларды жүргізуге және нәтижелер туралы есептер құруға байланысты жауаптылық пен талаптарды айқындау үшін құжатталған процедуралар әзірлеуге тиіс.

Аудиттер және оның нәтижелері туралы жазулар жұмыс күйінде ұсталуға тиіс (4.2.4 қараңыз).

Қызметтің тексерілетін саласы үшін жауапты басшылық барлық қажетті түзетулер мен түзеу әрекеттері анықталған сәйкессіздіктерді және оларды тудырған себептерді жою үшін құқыққа сай емес шегерім қолданылуын қамтамасыз етуге тиіс. Кейінгі әрекеттер қабылданған шараларды верификациялауды және нәтижелерді (8.5.2 қараңыз) растау туралы есепті қосуы керек.

ЕСКЕРТПЕ Ұсыныстарды ИСО 19011 қараңыз.

8.2.3 Мониторинг және процестерді өлшеу

Ұйым мониторингтің тиісті әдістерін және керек жағдайда сапа менеджменті жүйесінің процестерін өлшеуді қолдану керек. Бұл әдістер процестердің жоспарланған нәтижелерге жете алуын көрсетуі керек. Егер жоспарланған нәтижелерге қол жеткізілмесе, онда бұл мақсатқа лайық болған кезде түзетулер және түзету әрекеттері қолданылуға тиіс.

ЕСКЕРТПЕ Қолайлы әдістерді айқындаған кезде ұйым олардың өнімге қойылатын талаптарға сәйкестігіне және сапа менеджменті жүйесінің нәтижелілігі әсеріне қатысты әрбір процесс үшін өткізілетін мониторингтің немесе өзгерістердің типін және көлемін ескеруге тиіс.

8.2.4 Өнімді бақылау және өлшеу

Ұйым өнімге қойылатын талаптардың сақталуын тексеру мақсатында мониторингті жүзеге асыруға және өнімнің сипаттамасын өлшеуге тиіс. Бұл жоспарланған шараларға сәйкес өнімнің өмірлік циклі процесінің сәйкес кезеңдерінде жүзеге асырылуға тиіс (7.1 қараңыз). Қабылдау өлшемдеріне сәйкестігінің куәлігі жұмыстық күйде ұсталуға тиіс.

Жазулар тұтынушыға жеткізу үшін өнімді шығаруға санкция берген тұлға(лар)ды көрсетуге тиіс (4.2.4 қараңыз).

Егер жоспарланған барлық шаралар аяқталғанға дейін (7.1 қараңыз), тиісті өкілетті өзгелей бекітпесе немесе, бұны тұтынушы қолдана алатын жерде, өнімді шығару және тұтынушыға қызметтер ұсыну жүзеге асырылмауға тиіс.

8.3 Сәйкеспейтін өнімді басқару

Ұйым өнімге қойылатын талаптарға сәйкеспейтін өнімнің сәйкестендірілуін және қолданылуын немесе жеткізілуін алдын алу мақсатында басқарылуын қамтамасыз етуі керек. Басқару құралын және тиісті жауаптылықты және сәйкес келмейтін өніммен іс-қимыл жүргізу үшін өкілеттікті айқындау үшін құжаттандырылған процедура әзірленуге тиіс.

Егер бұны қолдануға болса, ұйым сәйкес келмейтін өнімнің мәселесін мынадай бір немесе бірнеше тәсілдермен шешуге тиіс:

a) айқындалған сәйкессіздікті жою мақсатында әрекетті жүзеге асыру арқылы;

b) сәйкес органнан немесе қолданылатын жағдайда тұтынушыдан болдырмау туралы шешім болған жағдайда оның пайдалануын, шығарылуын немесе қабылдануын шешу жолымен;

c) алдыңғы болжалданған пайдалануы мен қолдануының алдын алу мақсатында әрекетті жүзеге асыру;

d) егер сәйкес келмейтін өнім жеткізуден кейін немесе пайдаланар кезде анықталса, сәйкессіздіктің салдарына (немесе әлеуетті салдарға) барабар іс-қимылды қабылдау.

Сәйкес келмейтін өнім түзетілген кезде, ол талаптарға сәйкестігін растау үшін қайта верификацияға ұшыратылуға тиіс. Сәйкессіздіктердің және бас тартуға алынған рұқсатты қоса алғанда, кез келген келесі қабылданған іс-қимылдардың сипаты туралы жазулар жұмыстық күйде ұсталуға тиіс (4.2.4 қараңыз).

8.4Деректерді талдау

Ұйым сапа менеджменті жүйесінің жарамдығын және тиімділігін көрсету үшін, сондай-ақ сапа менеджменті жүйесінің тиімділігін үнемі жақсартуға болатынын бағалап, тиісті деректерді анықтауы, жинауы және талдауы керек. Деректер мониторинг және өлшеу нәтижесінде және басқа да сәйкес көздерден алынған деректерден тұруы керек.

Деректерді талдау

a) тұтынушылардың қанағаттануына (8.2.1)

b) өнімге қойылатын талаптарға сәйкестігіне (8.2.4 қараңыз);

c) ескерту іс-қимылын өткізу мүмкіндігін қоса алғанда, процестердің және өнімнің сипаттамаларын және даму қарқынына (8.2.3 және 8.2.4 қараңыз);

d) жеткізушілерге (7.4 қараңыз) қатысты ақпаратпен қамтамасыз етуі керек.

8.5Жақсарту

8.5.1Үнемі жақсарту

Ұйым саясат және сапа саласындағы мақсаттар, аудит нәтижелерін, деректер талдауын, түзетуші және ескерту әрекеттерді, сондай-ақ басшылық тарапынан талдауды пайдалану арқылы сапа менеджменті жүйесінің тиімділігін үнемі жақсартып отыруға тиіс.

8.5.2 Түзетуші әрекеттер

Ұйым олардың қайта пайда болуын болдырмау үшін сәйкессіздіктердің себебін жою мақсатында түзету шараларын қабылдауға тиіс. Түзетуші әрекеттер анықталған сәйкессіздіктерге әсер етуге септігін тигізуге тиіс.

Мыналарға қойылатын талаптарды анықтау үшін құжатталған іс-шаралар әзірленуге тиіс:

a) сәйкессіздікке талдау (тұтынушылар шағымдарын қоса);

b) сәйкессіздік себептерін белгілеу;

c) сәйкессіздіктің қайталануынан болдырмау үшін кепілдік беретін әрекеттер қажеттігін бағалау;

d) қажетті әрекеттерді анықтау және жүзеге асыру;

e) қабылданған әрекеттер нәтижелерінің жазбаларын жүргізу (4.2.4);

f) қабылданған түзету іс-қимылының нәтижелілігін талдау.

8.5.3 Ескертуші әрекеттер

Ұйым әлеуетті сәйкессіздіктердің себептерін, олардың қайтадан туындауын болдырмау мақсатында әрекеттерді анықтауға тиіс. Ескертуші әрекеттер болуы мүмкін әлеуетті мәселелердің ықтималды салдарына сәйкес келуге тиіс.

Мыналарға қойылатын талаптарды анықтау үшін құжатталған іс-шаралар әзірленуге тиіс:

a) Әлеуетті сәйкессіздіктер және олардың себептерін белгілеу;

b) сәйкессіздіктердің пайда болуының алдын алу мақсатында әрекеттердің қажеттігін бағалау;

c) қажетті әрекеттерді анықтау және жүзеге асыру;

d) қабылданған әрекеттердің нәтижесінің жазбаларын жүргізу (4.2.4);

e) қабылданған түзету іс-қимылының нәтижелілігін талдау.

А қосымшасы
(ақпараттық)

ISO 9001:2008 және ISO 14001:2004 арасындағы сәйкестік

А.1 кестесі - ISO 9001:2008 және ISO 14001:2004 арасындағы сәйкестік

ISO 9001:2008		ISO 14001:2004	
Кіріспе (тек тақырыбы) Жалпы ережелер Процестік келісім ISO 9004 байланыс Менеджменттің басқа жүйелерімен үйлесімділігі	 0.1 0.2 0.3 0.4		Кіріспе
Қолданылу саласы (тек тақырыбы) Жалпы ережелер Қолданылу	1 1.1 1.2	1	Қолданылу саласы
Нормативтік сілтемелер	2	2	Нормативтік сілтемелер
Терминдер мен анықтамалар	3	3	Терминдер мен анықтамалар
Сапа менеджменті жүйесі (тек тақырыбы)	4	4	Экология менеджменті жүйесіне қойылатын талаптар (тек тақырыбы)
Жалпы талаптар	4.1	4.1	Жалпы талаптар
Құжаттамаға қойылатын талаптар (тек тақырыбы)	4.2		
Жалпы ережелер	4.2.1	4.4.4	Құжаттама
Сапа жөніндегі нұсқау	4.2.2		
Құжаттаманы басқару	4.2.3	4.4.5	Құжаттаманы басқару
Жазбаларды басқару	4.2.4	4.5.4	Жазбаларды басқару
Басшылық жауаптылығы (тек тақырыбы)	5		
Басшылық міндеттері	5.1	4.2 4.4.1	Экологиялық саясат Ресурстар, рольдер, жауаптылық мен өкілеттік
Тұтынушыға бейімделу	5.2	4.3.1 4.3.2 4.6	Экологиялық аспектілер Құқықтық және басқа да талаптар Басшылық тарапынан талдау
Сапа саласындағы саясат	5.3	4.2	Экологиялық саясат
Жоспарлау (тек тақырыбы)	5.4	4.3	Жоспарлау (тек тақырыбы)
Сапа саласындағы мақсаттар	5.4.1	4.3.3	Мақсаттар, міндеттер және бағдарламалар
Сапа менджменті жүйесінің құрылуын және дамуын жоспарлау	5.4.2	4.3.3	Мақсаттар, міндеттер және бағдарламалар

Жалғасы

А.1 кестесі - ISO 9001:2008 және ISO 14001:2004 арасындағы сәйкестік

ISO 9001:2008		ISO 14001:2004	
Жауаптылық, өкілеттік және ақпаратпен алмасу (тек тақырыбы)	5.5		
Жауаптылық және өкілеттік	5.5.1	4.1 4.4.1	Жалпы талаптар Ресурстар, рольдер, жауаптылық мен өкілеттік
Басшылық өкілі	5.5.2	4.4.1	Ресурстар, рольдер, жауаптылық пен өкілеттік
Ішкі ақпаратпен алмасу	5.5.3	4.4.3	Ақпаратпен алмасу
Басшылық тарапынан талдау (тек тақырыбы)	5.6	4.6	Басшылық тарапынан талдау
Жалпы ережелер	5.6.1	4.6	Басшылық тарапынан талдау
Талдауға арналған кіріс деректер	5.6 .2	4.6	Басшылық тарапынан талдау
Талдауға арналған шығыс деректер	5.6.3	4.6	Басшылық тарапынан талдау
Ресурстар менеджменті (тек тақырыбы)	6		
Ресурстармен қамтамасыз ету	6.1	4.4.1	Ресурстар, рольдер, жауаптылық пен өкілеттік
Адам ресурстары (тек тақырыбы)	6.2		
Жалпы ережелер	6.2.1	4.4.2	Құзыреттілік, дайындық және хабардарлық
Құзыреттілік, дайындық және хабардарлық	6.2.2	4.4.2	Құзыреттілік, дайындық және хабардарлық
Инфрақұрылым	6.3	4.4.1	Ресурстар, рольдер, жауаптылық пен өкілеттік
Өндірістік орта	6.4		
Өнімнің өмірлік циклінің процестері (тек тақырыбы)	7	4.4	Енгізу және жұмыс істеу (тек тақырыбы)
Өнімің өмірлік циклінің процестерін жоспарлау	7.1	4.4.6	Операцияларды басқару
Тұтынушылармен байланысты процестер (тек тақырыбы)	7.2		
Өнімге қатысты талаптарды анықтау	7.2.1	4.3.1 4.3.2 4.4.6	Экологиялық аспектілер Құқықтық және басқа да талаптар Операцияларды басқару
Өнімге қатысты талаптарды талдау	7.2.2	4.3.1 4.4.6	Экологиялық аспектілер Операцияларды басқару
Тұтынушылармен байланыс	7.2.3	4.4.3	Ақпаратпен алмасу
Жобалау және әзірлеу (тек тақырыбы)	7.3		

Жалғасы

А.1 кестесі - ISO 9001:2008 және ISO 14001:2004 арасындағы сәйкестік

ISO 9001:2008		ISO 14001:2004	
Жобалау мен әзірлеуді жоспарлау	7.3.1	4.4.6	Операцияларды басқару
Жобалау және әзірлеуге арналған кіріс деректер	7.3.2	4.4.6	Операцияларды басқару
Жобалау және әзірлеуге арналған шығыс деректер	7.3.3	4.4.6	Операцияларды басқару
Жоба мен әзірленімді талдау	7.3.4	4.4.6	Операцияларды басқару
Жоба мен әзірленімді верификациялау	7.3.5	4.4.6	Операцияларды басқару
Жоба мен әзірленімді валидтеу	7.3.6	4.4.6	Операцияларды басқару
Жоба мен әзірленім өзгерістерін басқару	7.3.7	4.4.6	Операцияларды басқару
Сатып алу (тек тақырыбы)	7.4		
Сатып алу процесі	7.4.1	4.4.6	Операцияларды басқару
Сатып алу жөнінде ақпарат	7.4.2	4.4.6	Операцияларды басқару
Сатып алынған өнімді верификациялау	7.4.3	4.4.6	Операцияларды басқару
Өндіру және қызмет көрсету (тек тақырыбы)	7.5		
Өндірісті және қызмет көрсетуді басқару	7.5.1	4.4.6	Операцияларды басқару
Өндіру және қызмет көрсету процестерін валидтеу	7.5.2	4.4.6	Операцияларды басқару
Сәйкестендіру және бірізділік	7.5.3		
Тұтынушы меншігі	7.5.4		
Өнімнің сәйкестігі сақтау	7.5.5	4.4.6	Операцияларды басқару
Мониторинг және өлшеу құрылғыларын басқару	7.6	4.5.1	Мониторинг және өлшеу
Өлшеу, талдау және жақсарту (тек тақырыбы)	8	4.5	Бақылау (тек тақырыбы)
Жалпы ережелер	8.1	4.5.1	Мониторинг және өлшеу
Мониторинг және өлшеу (тек тақырыбы)	8.2		
Тұтынушылар қанағаты	8.2.1		
Ішкі аудит	8.2.2	4.5.5	Ішкі аудит
Процестердің мониторингі және өлшеу	8.2.3	4.5.1 4.5.2	Мониторинг және өлшеу Сәйкестікті бағалау
